

<sup>1</sup>К.Ә.ЖҰМАҒҰЛОВА, ДОЦЕНТ, П.Ф.К.

<sup>2</sup>Б.А.ОСПАНОВА, ПРОФЕССОР, П.Ф.Д

А.Е.ТАШБУЛАТОВА, ДОКТОРАНТ РНД

<sup>1</sup>АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АЛМАТЫ

<sup>2</sup>А. ЯССАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРК УНИВЕРСИТЕТІ ТҮРКІСТАН

## ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

### Аннотация

Бұл мақаланың мақсаты: оқу үдерісінде болашақ мамандардың креативті түлғасын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері талдау жасап, оның құрылымы мен мазмұнын анықтау болып табылады.

Галымдардың креативтілік туралы айтқан түсініктемелерін талдай келе, біз төмендегідей анақытама беруге тырыстық.

Креативтілікті өз бетінше шешім қабылдауға, әртүрлі ерекше идеяларды тудыруға, жаңаша білім формаларын қалыптастырып, педагогикалық міндеттерді шешудің жаңа әдістерін табуға бағытталған адамның шығармашылық әрекеті ретінде түсінеміз.

Зерттеу мақсатында бірнеше әдістер колданылды, атап айтсақ:

- теориялық талдау;
- синтез.

**Тірек сөздер:** креативтілік, шығармашылық, ассоциация, түлға, анализ, синтез.

**Ключевые слова:** креативность, познавательность, ассоциация, индивид, анализ, синтез.

**Keywords:** creativity, cognition, association, individual, analysis, synthesis.

Креативтілікті психология және педагогика ғылымдарының категориясы ретінде қарастырап болсақ, «креативтілік» ұғымына көптеген ғылыми енбектерде біртектес анықтамалар беріліп, ұқсас пікірлер айтылған.

Креативтілік ұғымының педагогикалық-психологиялық әдебиеттердегі көрінісін талдай келе, біз А.В.Хуторской мен отандық ғалым Ш. Таубаеваның креативтілік ұғымына берген анықтамасы «креативтілік дегеніміз жеке шығармашылық әрекеттің жемісі» және «Креативтік – бұл индивидтердің саналы құндылықтар жасау, стандартты емес шешім қабылдаудың терең қасиетін көрсететін қабілеттілік» - деген пікіріне қосыламыз.

Осы айтылған ұғымдарды жеке-жеке талдадық, оны төмендегі кестеден көрүлерінізге болады.

Кесте 1 – «Креативтілік» ұғымының педагогикалық-психологиялық әдебиеттердегі көрінісі

№ п/с	Авторлары	«Креативтілік» ұғымының анықтамасы
1.	Н.В.Кузьмина, А.В.Морозов, Д.В. Чернилевский	Креативтілік –бұл «тұлғаның жаңа ұғымдар мен жаңаша дағдыларды қалыптастыра білу қабілеттері
2.	Дж.Гилфорд, В.Н. Козленко	Креативтілік –бул «іздену қайта құру белсенділігі артқан кезде пайды болатын тұлғаның шындықты іздеу-қайта құра білу қажеттілігін түсіну»
3.	Д.Б.Богоявленская, В.Н. Дружинин	Креативтілік –бул «тұлғаның әлемнің түрліші бейнесін түсіне біletін бейсаналы шығармашылық қабілеті »
4.	А.М.Анохин, В.В. Петухов	Креативтілік –бул «өз қабілеттерін пайдалана және дамыта білуге дайындығы»
5.	Ш.А.Амонашвили, Д.Б. Богоявленская)	Креативтілік –бул «берілген жағдаяттың аясынан шыға білу қабілеті, жеке мақсат құра білу қабілеті»
6.	Е.Торренс	Креативтілік –бул «білімдегі олқылықтарды, жетілдіктін элементтерді, үйлесімсіздікті т.б. өткір сезіне білу қабілеті»

Кестенің жалгасы		
7.	S.A.Mednick	Креативтілік – бұл «элементтерді кейбір арнайы талаптарға және пайдалылық талаптарына сай жаңа комбинациялармен қайта құра білу қабілеттілігі»
8.	J.Renzulli	Креативтілік – бұл «тұлғаның өнім алуда, мәселелерді шешпуде, мәселелерге әртүрлі көзқарастар тұрғысынан қарай білу әдістерінен байқалатын ерекше іс-әрекеттері мен мінез-құлыштары
9.	Маккелар	Креативтілік – бұл жаңа тәсілдер арқылы санадағы түрлі түсініктерді қосу, корытындылай білу қабілеті»
10.	Кюби	Креативтілік – бұл «жаңа байланыстарды таба білу қабілеті»
11.	Роджерс	Креативтілік – бұл «жаңа қатынастардың пайда болуы»
12.	Лассуэль	Креативтілік – бұл «жаңа қызынан жасауға және білуге деген құмарлық
13.	Жерар	Креативтілік – бұл жаңа үғымдарды тудыратын ақыл-ой әрекеті
14.	Тейлор	Креативтілік – бұл тәжірибелі жаңаша үйімдастыру, колдану қабілеті»
15.	Гизелин	Креативтілік – бұл үғым-түсініктердің жаңа мән-мағынасын елеестету»
16.	А.В. Хуторской	Креативтілік – бұл жаңа өнім алуга бағытталған жеке шығармашылық әрекет »
17.	Серье	Креативтілік – бұл «жан-жақты ойлауга, сезінуге және әрекет етуге деген потенциалдық қуат-куш»
18.	Б.А. Оспанова	1) Креативтік – бұл ерекше жағдаятты, мотив көздері мен тұрақтылық деңгейін тандауды, өзінің әлеуетін енгізу мен жүзеге асырудың тәсілдерін түсіну және саналы түрде аңғару дәрежесіне байланысты қез келген әрекетке жүзеге асырудың өзіндік дара стилін қамтамасыз етегін ықпалдасқан көңкүрлі құбылыс. 2) Креативтік – бұл шығармашылықтың қалыптасуы мен көрініне ықпал ететін ойлау мен тұлғалық әрекшеліктерінің кейбір жиынты. 3) Креативтік – бұл кәсіби әрекет пен тұлғаның басқа аумақтағы мінез-құлқында өнімді қайта түрленуді және оның даму ядроның құрамын қамтамасыз етегін тәжірибе-багытталған, кәсіби-маңызды категория.
19.	Ш.Т. Таубаева	Креативтік – бұл индивидтердің саналы құндылықтар жасау, стандартты емес шешім қабылдаудың терең қасиеттің қабілеттілік.

Ерекше шығармашылық қабілеттер, айрықша дарындылық, сол сияқты адамның басқа да ерекше қасиеттерінің құпиясы бұрыннан бері адамзатты қызықтырып келеді.

Шығармашылық қабілеттерді зерттеуші американцы ғалым Е.Торренс , креативтіліктің моделін ұсына отырып, оның үш түрлі маңызды факторларын жіктең көрсетеді:

1) Жылдамдық – аяқ астынан туындастырын немесе мақсатты түрде белгілі бір уақыт ішінде пайда болатын идеялардың көптігімен сипатталады.

2) Бейімділік - идеялардың әр алуандылығымен сипатталады. Ойлауға деген бейімділік - жағдайдың өзгеруіне байланысты міндеттерді шешу әдістерін өзгерте білу, «таптаурынды» шешімдер мен бас тарта білу немесе оны құбылту, өзгерту қабілеттері.

3) Айрықшалық – ерекше ассоциациалар мен айрықша жауаптарды ойлап таба білу қабілеті.

Бұл жағдайда креативтіліктік алғышарты нәтиженің сапасы емес, шығармашылық өнімді арттыратын сипаттар мен үдерістер болып табылады.

Креативтілікке байланысты осындай көзқарасты J.Renzulli ұстанады [1, 2].

Ол креативтілікті нәтижеге қол жеткізуде, мәселелерді шешуде мәселеге әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарайтын, жанаша шешім табуға ұмтылатын тұлғаның ерекше іс-әрекеті ретінде қарастырады.

Креативтілік мәселесін зерттей келе, әртүрлі авторлардың креативтілік туралы түрліше көзқарастарды ұстанғанымен, олардың пікірлерінің тоғысатын жері – әрбір тұлғаның өзіне тән қасиеттері мен шығармашылық қабілеттерінің болатындығы. Ғалымдардың креативтілік туралы айтқан түсініктемелерін талдай келе, біз төмendetgідей анақытама беруге тырыстық.

*Креативтілікті өз бетінше шешім қабылдауга, әртүрлі ерекше идеяларды тудыруға, жаңаша білім формаларын қалыптастырып, педагогикалық міндеттерді шешудің жаңа әдістерін табуға бағытталған адамның шығармашылық әрекеті ретінде түсінеміз.*

Жалпы шығармашылықты, соның ішінде педагогикалық шығармашылық мәселелерін зерттеуге арналған еңбектерде көбінесе тұлғаның шығармашылық белсенділігінің көрінінің үш түрлі сапалық деңгейлері көрсетіледі:

Бірінші деңгей – пассив немесе стимулдық-продуктивтік, бұл деңгейде педагог өзінің жеке ұсынысын білдірмейді және берілген тапсырма бойынша немесе алғашқы табылған әрекет ету әдісіне орай жұмыс істейді.

Екінші деңгей -эвристикалық деңгей, мұнда педагог өзінің әрекет ету әдістері мен тәсілдерін жетілдіреді, бірақ бұл әрекеттің сипатын өзгертпейді.

Үшінші деңгей - креативтік, бұл деңгейе педагог ешкім талап етпесе де, мақсатты түрде қандайда бір міндеттерді шешудің жаңа жолдарын қарастырады, мұнда мақсат оның өзінің ішкі уәжіне байланысты туындаиды.

Креативтілік ұғымының құрылымын зерттеу барысында креативтілік деңгейінің алдындағы әрекет ретінде эвристикалық әрекетке баса назар аударған жөн. Философиялық сөздіктерде атапмыш ұғымға былайша анықтама берілген: «Эвристика (греч.εἰπέω - іздеймін, табамын) – шығармашылық әрекетті зерттейтін ғылым, оқытуда жаңалық ашу үшін қолданылатын әдіс».

Ұстанған көзқарасқа, дүниетанымдық ұстанымдарға немесе қарастырылып отырган ғылым саласына байланысты эвристика ұғымын былай түсіндіруге болады: жалпы тәжірибеге сүйене отырып міндеттерді шешуде жасалатын болжамдар.

Теориялық зерттеулер мен модельдерде құрылымдау әрекеттерін жүзеге асыруда қолданылатын тәсілдер немесе логикалық тәсілдер жиынтығы.

Жаңалықты ашу әдістері (шындықты), соның ішінде байқау және қателесу әдістерін де атауға болады. Оқыту әдісі (әдістер жиынтығы), мысалы дискуссия.

Шығармашылық ойлау және шығармалышықпен іздену үдерістерін сипаттайтын әрекет.

Психология шығармашылық әрекетті зерттейтін ғылым саласы. Шығармашылықты зерттеуге арналған көптеген ғылыми еңбектер адамның қабілеттерін мәселелерін шығармашылық тұлға мәселелерімен бірлікті қарастырады. Ерекше шығармашылық қабілеттер болмайды, тек нақтылы мотивациялары мен айрықша мінез-құлыққа ие тұлғалар болады. Интеллектуалдық дарын үнемі адамның шығармашылық табысына әсер ете бермейді, егер креативтілік қасиеттерін дамыту барысында тұлғаның шығармашылық істерді істеуге нақтылы мотивациясы болса, онда кез келген адамның мұндай қабілетін креативтілік қасиет ден тануға болады.

Универсалды танымдық шығармашылық қабілет ретінде креативтілік тұжырымы Дж. Гилфордтің еңбектері жарық көргеннен кейін кеңінен қарастырыла бастады.

Дж.Гилфорд дивергенция операциясын, қайта құру, импликация әрекеттерімен қатар қойып, жалпы шығармашылық қабілет ретінде, креативтіліктің негізі ретінде қарастырады [3].

Ол креативтіліктің негізгі төрт өлшемін атап өтеді:

1. *Даралық факторы*, ол болашағы зор, айрықша идеяларды тудыруды анықтайты. Бұл - әдеттегі іс-әрекеттер аясынан шығып, бұрын игерілген білімге ұқсамайтын жаңа нәрсені тани және пайдалана білу қабілеті. Яғни айтылған ойлардың ерекшелігі, даралығы интеллектуалдық даралыққа ұмтылу.

*Шатшаңдық* - әрқылды мәселелерді жағдайын даму бағытын ескере отырып, тез арада асқан дәлдікпен шеше білу қабілеті.

*Идея шатшаңдығы* - аз уақытта мейлінше көп идеяларды тудыру қабілеті.

*Ассоциациялау* жылдамдығы — идеялар арасындағы ассоциативтік байланысты жүзеге асыру.

*Сойлеу жылдамдығы* - екінші сигналдық жүйемен, сөйлеу әрекетінің дамуымен тығыз байланысты.

*Ой жылдамдығы* - әр сатының бірізділігін ұстану негізінде тез шешім қабылдау.

2. *Икемділік факторы* – бұл белгілі бір түрдің өзгеруі: пікірдің, түсіндірудің, міндеттерді орындау стратегиясының, ойлау тәсілдерінің өзгеруі.

Семантикалық кездейсоқ икемділік, яғни кездейсоқ жағдайларда әртүрлі күтпеген ойларды ойлап, жүзеге асыру қабілеті.

Стихиялық икемділік- бір құбылыстар екінші құбылысқа женіл әрі жылдам өте білу қабілеті. Бұл ақпараттарды іздеуге қажетті манызды қабілет болып табылады.

Бейнелік бейіндік икемділік, яғни объектінің (қоршаған ортасын) байқалмайтын, құпия, жаңа қырларын көре білу қабілеті.

Семантикалық икемділік, яғни объектіге жаңаша көзбен карау, оның жаңа қолданысын табу, тәжірибедегі қолданылу аясын кеңейту.

3) Табандылық, адамның алдында тұрған міндеттерді шешуге жауапкершілікпен қарауы.

Креативтілік тұжырымы жөніндегі соңғы көзқарастардың бірі - Р.Стернбер ұсынған «инвестициялау теориясы» .

Автордың пайымдауынша шығармашылық құбылысы төрт түрлі фактор арқылы анықталады:

- 1) интеллектуалдық қабілет;
- 2) білім арқылы;
- 3) ойлау үрдісі арқылы;
- 4) тұлғалық қасиеттер арқылы;
- 5) мотивация;
- 6) сыртқы орта арқылы.

Шығармашылық қабілеттің көрінуі үшін интеллектінің келесі құрамдас бөліктері маңызды рөл атқарады: 1) синтетикалық қабілет- мәселені жана қырынан көре білу, қалыпты сананың шегінен шыға білу; 2) аналитикалық қабілет - ері қарай жұмыс жасауға қажетті идеяларды ұснаға білу; 3) практикалық (тәжірибелік) қабілет – басқаларға өз идеясының құндылығын дәлелдей білу. Егер тұлғаның басқа екеуіне қарағанда аналитикалық қабілеті озық болатын болса, онда ол адам жақсы сыйныш бола алады, бірақ шығармашыл адам емес. Аналитикалық қабілетке бекімеген синтетикалық қабілет, жана идеяларды тудырады, бірақ олардың ғылыми негізі мен пайдасы болумауы мүмкін. Ал практикалық қабілет қалған екеуінсіз көшпілікке пайдасы жоқ «сапасыз» идеяларды сатумен бірдей болмақ.

Р.Стернбергтің пікір бойынша креативтілік орынды жерде тәуекелге бара білу қабілеті, кедергілерді жене білу, айқын емес нәрсеге, бегісіздікке төзімділікпен қаруа, қоршаған ортаның пікіріне қарсы тұра білу. Шығармашылық орта болмаған жағдайда, креативтілік қабілеттің көрінуі мүмкін емес.

Оку орнында шығармашылыққа қолайлы орта қалыптастыру студенттің, тұлғаның жалпы және кәсіби тұрғыдан дамыту механизмдерін іске қосуға мүмкіндік туады. Бұл студенттердің кәсіби маңызды жеке- дара қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Ғалымдар шығармашылық қабілеттерді түрліше топтастырады: (отандық ғылымда ғалымдар термин креативтілік үғымының баламасы ретінде қолданылады):

1. Шын мәнінде шығармашылық қабілет (креативтілік) жоқ. Интеллектуалдық дарын қажетті нәрсе, бірақ тұлғаның шығармашылық белсенділігі үшін қажетті жағдаят болып саналмайды. Шығармашылық әрекеттерді айқындауда мотивация, құндылықтар, тұлғаның жеке қасиеттері маңызды рөл атқарады (А.Танненбаум, А.Олах, Д.Б.Богоявленская, А.Маслоу т.б.). Ғалымдар шығармашылық тұлғаның негізгі қасиеттері ретінде когнитивтік дарының, мәселерді сезіне білуін, белгісіз және күрделі жағдайларда еркін әрекет етеп білуін айрықша атап етеді.

Д.Б.Богоявленскаяның креативтілік туралы ғылыми тұжырымына келер болсак, ол тұлғаның креативтік белсенділігі туралы түсінікті енгізген. Ғалым креативтік белсенділік креативтік типтегі тұлғаның нақтылы психикалық құрылымына байланысты болады деп тұжырымдайды. Д.Б.Богоявленскаяның пікірінше шығармашылық стимулдық емес - жағдаяттық белсенділік болып табылады және ол берілген мәселенің аясынан шығуға ұмтылған жағдайда пайда болады. Барлық новаторлар креативтік типтегі тұлғага жатады: сынақшы-ұшқыштар, суретшілер, музиканттар, өнертапқыштар [4].

Шығармашылық қабілет (креативтілік) интеллектіге тәуілсіз өзінше жеке фактор болып табылады (Дж. Гилфорд, К.Тейлор, Г.Грубер, Я.А.Пономарев). Ғалым теорияны басқаша түсіндіретін болсак, интеллектуалдық деңгей мен креативтілік деңгейі арасында аздаған корреляция (айырмашылық) бар.

Бір таңқаларлығы Е.Торренстің пайымдаулары Д.Перкинстің пікірімен тоғысып жатыр, оның ойынша әрбір мамандыққа байланысты интеллекті дамуының тәменгі шегі бар. Көрсетілген шектен аспайтын адамдар, аталмыш мамандықтың иесі бола алмайды, егер 10 аталған деңгейден жоғары болса, онда интеллекті мен даму дәрежесі арасында байланыс жоқ. Жұмыстың табыстылығын айқындауда тұлғаның жеке құндылықтары мен қасиеттері басты рөл атқарады.

Интеллектінің жоғары даму дәрежесі шығармашылық қабілеттің жоғары деңгейінің кепілі және көрініште жоғары шығармашылық жоғары интеллектінің көрінісі деуге болады. Мұнда психикалық белсенділіктің арнағы формасы ретінде шығармашылық үдеріс жоқ. Ғалым көзқарасты интеллект құбылысын зерттеп жүрген барлық дерлік ғалымдар қолдайды. (Г.Айзенк, Д.Векслер, Р. Уайсберг, Л.Термен, Р.Стернберг т.б.). Р.Стернберг пен С.Любарт өздерінің креативтіліктің инвестициялық теориясы бойынша шығармашылық қабілеттің пайда болуының 6 шартын атап көрсетеді:

- 1) интеллектуалдық қабілет (синтетикалық қабілет, мәселені жана қырынан тани білуге және

қалыпты ойлау әдісінен арылуға ықпал етеді; аналитикалық қабілет, идеяларды бағалауға мүмкіндік береді; практикалық-контекстуалдық қабілет, идеясының құндылығын басқаларға мойындаға білу);

- 2) білімділік (өзі қызмет ететін саласында жеткілікті білімді итеру);
- 3) заңды ойлау үрдісі (өздік ойлау қағидалары мен заңдары болуы шарт);
- 4) тұлғалық қасиет (кедергілермен күрсесе білу қабілеті, белгілі бір дәрежеде тәуекелге бел буу, белгісіздікке төзу);
- 5) ішкі мотивация, міндеттерді шешуге зейін қоя білу;
- 6) қоршаған ортаның қолдауы.

Балалардың шығармашылығын зерттеуге арналған отандық әдебиеттерде дарындылықтың келесі белгіліері сараланып көрсетілген: тәуекелге бара білу қабілеті, өзгеше ойлау және әрекет ете білу қабілеті, ойдың жылдамдығы, ерекше идеяларды айта білу қабілеті, жана нәрсені ойлап таба білу, киялы жүйрік болу; әртүрлі заттар мен құбылыстарды қабылдай білу; жоғары эстетикалық құндылықтар, жоғары дамыған интуиция (түйсік). Дарын ұғымы «талант» және «данышпан» ұғымдарымен астасып жатады. Дарынды окушыларды «талант», тіптен – «данышпан» деп атап жатады [5].

Корыта келе жоғарыдағы әдебиеттерді талдай келе, студент өзін белгілі бір қызмет саласында неғұрлым жақсы көрсете білсе, соғұрлым ол сол салада талантты болып есептеледі.

Тұлғаның шығармашылық сапасының жүйесі практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады. Ол тұлғаның 6 түрлі өзара байланысты қасиеттері мен сапаларының жиынтығынан құралады:

- 1) қоғамдық маңызы бар жаңа салмақты мақсаттың болуы (немесе мақсаттар жүйесі);
- 2) бағдарламаның болуы (немесе бағдарлама жобасы) қойылған мақсатқа жетудің және бағдарламаның жүзеге асуын қадағалау;
- 3) жоспарланған жоспар бойынша көп жұмыс істеуге деген құштарлық және жұмысты жүзеге асыру;
- 4) мақсатқа жетер жолда кездесетін міндеттерді шешу техникасы;
- 5) өз ойын дәлелдей білу, көпшілікті мойындаға білу; «қынышылыққа қарсы тұру», мақсатқа адалдық;
- 6) алынған нәтижелердің қойылған мақсаттарға сәйкестігі (немесе олардың көлемінің сәйкестігі).

#### ӘДЕБІЕТ

- 1 Taylor C.W. Various Approaches to and Definitions of Creativity // The Nature of Creativity/ Sternberg R.J. (Ed.). - Cambridge: Cambridge Univ. Press, 1988. - P.99-124.
- 2 Torrance E.P. Teaching creative and gifted learners // Handbook of research on teaching. Ed. by M.C.Wittrock. 3 rd ed. N.Y.: Macmillan, 1986. P. 630647.
- 3 Айзенк Г.Ю. Интеллект: новый взгляд // Вопросы психологии. - 1995.-№1.-С. 111-113.
- 4 Оспанова Б.А. Мамандардың әдәрлеудағы кәсіби-бағыттық технологиялардың ерекшелігі. «12-жылдық білім беруге ету жағдайларда педагогтардың кәсіби біліктілігін қалыптастыру мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Семей, 2007 г.
- 5 Оспанова Б.А. Бәсекеге қабілетті мамандың кәсіби-креативті әлеуетін дамыту аспектілері// Қазақстан жоғары мектебі. Алматы, 2005. №2.

#### **Теоретико-методические основы развития креативности личности в процессе обучения будущих специалистов** **Резюме**

В статье авторы анализируют научную и методическую литературу по теме исследования, это показало, что проблема креативности рассматривается с различных точек зрения в рамках целого ряда научных отраслей. Большое количество работ посвящено развитию креативности детей, учащихся, учителей, преподавателей, развитию же креативности студентов уделено мало исследований, тем более при изучении отдельных учебных дисциплин.

#### **Theory-methodical bases of development of creativity of personality in the process of educating of future specialists** **Summary**

The authors analyze the scientific and methodological literature on the topic of research showed that the problem of creativity is seen from different perspectives through a variety of scientific fields. A large number of works devoted to the development of creativity of children, students, teachers, professors, students develop creativity as paid little research, especially in studies of individual disciplines.